

БҰЙРЫҚ

Қаражон ауылы

№ 22

21.04.2023жыл

2022-2023 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 17.04.2023 ж. №138 бұйрығының негізінде, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 20.04.2023 жылғы 73 н/к санды хатына, сондай ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жыл 31 мамырда аяқталсын.
2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
3. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мелекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін 9(10) – сынып оқушылары үшін:
 - 1) Қазақ/орыс/өзбек/тәжік/ тілі бойынша(оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) 2023 жылғы 9 маусым;

